



XVI ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ БЕС ХАНЫ



XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси тарихын шартты түрде бірнеше кезеңге бөлуге болады. Ол кезеңдерге: 1458-1470-ші жылдар – хандықтың құрылуы, 1470-ші жылдар мен 1521 жыл аралығы – хандықтың күшеюі мен нығаюы, 1521-1538 жылдар – хандықтың «уақытша әлсіреуі», 1540-1598 жылдар – хандықтың қайта көтерілуі немесе этникалық территорияның қалыптасуының аяқталу дәуірлері жатады. Әрбір кезеңнің басты белгілерін хандықтың сол тұстардағы ішкі және сыртқы саяси жағдайының қандай болғандығы, жекелеген хандардың жүргізген саясаты, сондай-ақ билік басындағы хандардың жеке тұлғалық қасиеттері арқылы анықтауға болады.



Керей мен Жәнібек, Бұрындық пен Қасым, Хақназар, Шығай, Тәуекел хандардың билік құрған кезіндегі Қазақ хандығының жағдайы осыған дәлел.

Кейбір хандардың есімдері хандықтың әр дәуірдегі тарихына қатысты мәселелерде аталып, тарихи тұлға ретіндегі зерттелінді. Тіпті кейбір хандардың тарихтағы орны зерттелінбек түгіл, есімдерінің өзі кейбір еңбектерде аталынбайды да. Олар: Мамаш, Тақыр, Бұйдаш, Қожа Ахмет, Тоғым хандар болатын. Аталған бұл бес хан — 1521-1538 жылдары, Қазақ хандығының «уақытша әлсіреу» кезеңінде билік етті.



Мамаш хан

Мамаш хан — кейбір жазба дерек мәліметтерінде Құмаш хан деп айтылады.

Мамаш хан — Қасым ханның үлкен ұлдарының бірі, Жәнібек ханның немересі. Шамамен, ол 1450-60 жылдары дүниеге келген. «1513 жылы моғол ханы, шағатайлық Сайд хан Қасым ханның Ордасына келгенде, оны қарсы алуға Қасым хан өзі бармай, 30-40 сұлтанды жібереді. Олардың ішінде бірнеше сұлтан 50-60 жаста болатын. Солардың бірі — Мамаш хан еді,» — деп хабарлайды Мұхаммед Хайдар Дулати.

1513 жыл Мамаш ханның алғаш рет жазба дерек мәліметінде көрінуі еді. Және де оның «хан» деген мәртебелі атпен жазылуына қарағанда ол Жаныш, Таныш хандар секілді Қазақ хандығындағы көп ұлыстардың бірінде иелік етсе керек. Қасым хан өлгеннен кейін, билік үшін қазақ сұлтандары арасында алауыздықтар басталады да, таққа Қасым ханның ұлы Мамаш хан келеді. Бұл — 1521 жылдың іші болатын.



Мамаш хан

Тақ үшін Жәнібек ханның немерелері арасында күрес өрбігенін көреміз. Мамаш ханның билікке келуімен күрес басылмайды, қайта өрши түседі. Бұл арада билік үшін жеке тұлғалардың арасында күрес жүрсе де оның астарында мұрагерлікке байланысты дәстүр таласы жатты. С.М.Ақынжанов XI-XIII ғасырдағы қыпшақ қоғамында хандық бидіктегі мұрагерлік дәстүрді әкеден ұлға емес, әкеден ініге не немере ініге қалып отыратындығын жазады. Бұл дәстүр біздің ойымызша, монғолдар жаулап алғанға дейінгі бүкіл Дешті Қыпшаққа ортақ болған. Ал монғолдардың билігінің орнауымен мұрагерлік дәстүрде монғолдар енгізген тәртіп үстем болады. «Шыңғыс ханның ясасы бойынша, атасының тірі кезінде әкесі қайтыс болса, мұрагерлік немереге қалуы тиіс», – деп жазады 1521 жылы хандық билікке Қасым ханның туған ұлы Мамаш келеді. Осылайша, мұрагерлік дәстүр алғаш рет бұзылады. Мұрагерлік дәстүрінің бұзылуы сұлтандар арасындағы алауыздықтарды туғызады.



Мамаш хан

Мамаш ханның билігі қанша уақытқа созылды, басты оқиғалары қандай, хандықтың ішкі және сыртқы саяси өмірінде қандай өзгерістер болды деген сұрауларға ешбір жазба дерек жауап бермейді. Сондықтан да біз Мамаш ханды билік үшін күрестің құрбаны деп есептейміз.

«Тарихи Рашидиде» Мамаш ханды бір шайқаста түншығып өлді делінсе, Махмуд ибн Уәли «ол бір ұрыста тапталып өлтірілді» деп жазады. Ал Хайдар Разидың мәліметі сәл нақтырақ айтылады. «...бір шайқаста ол қару-жарағының ауырлығынан және көп тапталудан түншығып өлді», – делінеді онда. Мамаш хан 1522 жылы қаза табады.



Тақыр хан

Тақыр хан — 1522 - 1532 жылдары Қазақ хандығын билеген алтыншы хан. Ол — Жәнібек ханның төртінші ұлы Әдік сұлтанның ұлдарының бірі. Әдік сұлтан 1470-1503-04 жылдары қазақ қоғамында үлкен саяси беделге ие болған тұлға. Қазақ хандығының Сыр бойы үшін жүргізген күресінде, сондай-ақ 1490-шы жылдары қазақ-моғол қатынасында үлкен рөл атқарған. Әдік сұлтан монғол ханы Жүністің (1469-1487) төртінші қызы Сұлтан Нигар-ханымға үйленген.

1522 жылы Мамаш хан өлгеннен кейін Қазақ хандығында билік үшін сұлтандар арасында күрес күшейеді. «Қазақтар деп аталатын Дешті Қыпшақтың сұлтандары бір-бірімен ұзақ соғысты. Ақырында билікке Тақыр хан келді», — деп жазады Хайдар ибн Әли Хусайын Рази.



Тақыр хан

Тақыр ханның билік еткен 10 жылдық кезеңі ішінде Қазақ хандығындағы алауыздықтар тоқтатылмады, кейбір сұлтандардың оған мойынсұнбай, хан билігіне құлақ аспай өз ұлысының адамдарымен одан бөліну жағдайы күшейеді.

Тақыр ханның сыртқы саясаттағы жүргізген істері көбінесе нәтижесіз аяқталып отырды. Ал көрші елдердің шапқыншылықтарына тойтарыстар берілмеді. 1522-23 жылы Ташкент билеушісі Сүйініш-Қожа хан Дешті Қыпшаққа жорыққа шығып, жеңіске жетеді. 1525-26 жылдың қысының басында Сүйініш-Қожа ханның ұлы, Ташкент билеушісі келді – Мұхаммед ханнан Түркістан қаласының маңында Тақыр хан тағы да жеңіліс табады. Қалмақ тайпаларымен алғаш рет соғысқан қазақ хандарының бірі – осы Тақыр хан болды.



Тақыр хан

Қазақ ханы Тақыр хан қалмақ әскерлеріне тойтарыс беру үшін Жатан қамалын салдырды деп жазады. 1537-38 жылы шағатайлық және шайбанилық билеушілердің бірігіп қазақтарға қарсы жасаған жорығында қазақтар бұл қамалды пайдаланады. Васифи бұл қамалдың биіктігін және мықтылығын тілі жеткенше мақтап, биікке шығарды. Жетісуға билігі орнаған Тақыр хан қырғыз тайпаларына да үстемдік жүргізуге тырысады. Жазба деректерде Тақыр ханды қырғыздың да ханы болды деуі осы жылдарға байланысты айтылған. Хандықтың ішкі саяси өмірінде де Тақыр хан сұлтандар мен билердің қолдауына ие бола алмады. Мұхаммед Хайдар Дулати: «Тақыр ханның билігі әлсіреген сайын оның қатандығы мен аяусыздығы өсе түсті. Оның Әбілқасым деген інісі болды. Ханның қатандығы содан шығып отыр деген оймен қарамағындағылар Әбілқасымды өлтіріп, өздері жан-жаққа тарап кетті», — деп баяндайды.



Тақыр хан

Өмірінің соңғы кездерін Тақыр хан қырғыз тайпалары арасында өткізеді. Ақырында сонда жүріп, қайтыс болады. Қазіргі күндегі зерттеушілер ішінде Т. И. Султанов Тақыр ханды былайша бағалайды. «... Ол дипломатиялық, әскери таланттарға ие болмады, ... шексіз қаталдығымен, және әділетсіздігімен ерекше байқалды. Және де сонымен бірге мемлекетті басқаратындай қабілеті болмай, өзінің билігімен жалпылама қарсылыққа душар болды. Өз халқынан қуылады».



Бұйдаш хан

Бұйдаш хан – (Деректерде Бұйлаш хан, Бойлаш хан, Бублаш хан, Бутлаш хан деп ұшырасады.) – Жәнібек ханның немересі, Әдік сұлтанның ұлы Тақыр ханның інісі. Тақыр ханнан соң таққа 1532 жылы отырады.

XVI ғасырдың 30-40-шы жылдарындағы Қазақ хандығының ішкі саяси өмірі көптеген деректе әртүрлі және қарама-қайшы мәліметтер арқылы беріледі. Оның басты бір себебі, сол жылдары қазақта бірнеше ханның болуынан деп түсінеміз. Егер де жазба дерек мәліметтеріндегі Бұйдаш ханның қатысуымен болған оқиғаларға зер салсақ және болған оқиғалардың географиялық аумағына көңіл аударсақ, онда Бұйдаш ханның Жетісуда ғана билік еткеніне көз жеткіземіз. Мұхаммед Хайдар Дулати Бұйдаш хан билікке келген кезінде 30 мыңдық адамы болды десе, келесі бір дерегінде Бұйдаш хан тұсында 20 мың қазақ қана қалды деп жазады. Біздің есептеуімізше, бұл дерек тек Жетісудағы Бұйдаш ханның билігіне ғана қатысты айтылып отыр.



Бұйдаш хан

Бұйдаш ханның өміріндегі анықталған бір оқиғаға оның 1556 жылы Шығыс Түркістандағы моғол билеушісі Рашид ханның (1533—1560) ұлы Абд ал-Латиф сұлтанның қазақтар мен қырғыздарға жасаған жорығына тойтарыс беруі жатады. Бесінші рет қырғыздарды талан-таражға салып, мол олжамен кейін қайтқан Абд ал-Латифтың соңынан Бұйдаш хан біріккен қазақ-қырғыз әскерімен қуады. Шайқас нәтижесінде моғол сұлтаны қаза тауып, бұл хабар әкесі Рашидке жеткізіледі. Рашид ханның мол әскері жетіп үлгерді де, Бұйдаш хан шегінуге мәжбүр болады. Қылма-Қажыр деген жерде ұрыс боп, Бұйдаш хан жеңіліске ұшырайды.



Бұйдаш хан

Бұйдаш ханға байланысты келесі бір дерек мәліметінде оның 1559 жылы Мауреннахрға жорығы жөнінде баяндалады. Бұл жорыққа 20-дан астам қазақ сұлтандары қатынасады. Осы ұрыста Бұйдаш хан, қаза тапты делінеді. Бұл мәліметте Қадырғали Жалайыр дерегі одан әрі былайша толықтыра түседі: «Бұйдаш хан Барақұлы Дервиш ханмен соғыста өлді. Бес ұлдың ұрпағы жиырма төрт сұлтан сонда шаһид болды». Бұл арада Барақ деп отырғанымыз – Ташкент аймағының билеушісі болған Сүйініш-Қожа ханның екі ұлының кішісі. Оның шын аты – Наурыз Ахмет. Ол 1533-1556 жылдары Ташкентте билеуші болған. Дервиш сұлтан – Барақтың 8 ұлының үлкені, 1556 жылдан Ташкент билеушісі. Соған қарағанда Бұйдаш ханның ұлдары 1559 жылғы шайқаста әкесімен бірге қаза тапқан болуы мүмкін.

Қожа Ахмет хан



Ахмет ханның шығу тегі жөнінде нақты мәліметтер ешбір деректе айтылмайды. XVI ғасырдың 20-шы жылдардың екінші жартысы мен 30-шы жылдардың бірінші жартысында Ахмет хан Қазақ хандығының батысында билік еткен. 1524 жылы Тақыр хан ноғайлардың тықсыруымен және Сұлтан Нигар-ханымның кеңесімен Моғолстанға қарай бет алғанда, хан билігіне мойынсұнбай, оның қарауындағы көптеген адамдар одан бөлініп кеткен. Солардың бірі – біздің ойымызша, – Ахмет хан. Жазба деректердің мәліметтері Ахмет ханды ноғайлармен күресте болғандығын көрсетеді. 1534 жылы Ноғай Ордасында болтан орыс емшісі Даниил Губиннің Иван Грозныйға жазған хабарламасында, «қазақтар күшті, олар ноғайларға қарсы соғысқа дайындалуда, ал Мұсаның ұлдары Шах-Мамай мен Жүсіп мырзалар Қазақ Ордасынан қорқып, Жем бойында тұр», – делінген.

Қожа Ахмет хан



Сол жылы қазақ-ноғай арасында соғыс болып, қазақтар жеңіледі. Өйткені, 1535 жылы Мұсаның екінші ұлы Сейдақ бектің Грозныйға жазған хатында қазақ ханы Қожа-Махмудтың (Қожа-Ахмет) 15 ұлымен бірге өзінде тұтқында отырғандығын жазады. Сондай-ақ Ахмет ханды Мұсаның немересі Орақ батырдың өлтіргендігін Қадырғали Жалайыр айтып өтеді.

Тоғым хан



Тоғым хан – Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы Жәдік сұлтанның ұлы. Қадырғали Жалайыр Тоғым ханның ұлдарын тоғыз сары деп атайтын деп жазады. Аталған қазақ тарихшысынан басқа ешбір ортағасырлық автордың еңбектерінде Тоғым хан туралы айтылмайды. «Мәлік ұлы Башибек сұлтанмен, тоғыз сары ұлдарымен (*Тоғым ханнын – Б. К.*) Жағат уалаяты маңында шаһид болды. Отыз жеті султан мәлім-мәшһүр еді», – деп баяндайды Қадырғали Қасым ұлы. Шайқас 1537 жылы қазақ-моғол қатынасында, Тоғым хан мен Рашид хан арасында болған деп болжайды. Тоғым хан қаза тапқан Жағат уалаяты – Амударияның төменгі ағысы бойындағы осы аттас қамал және қамал теңірегіндегі өңірлер болуы мүмкін. Қазақ хандығы үшін XVI ғасырдың 20-30-шы жылдары «уақытша әлсіреу» кезеңі болып саналады. Бұл кезеңнің тағы бір белгісіне – саяси бытыранқылық жатса керек. Өйткені осы тұста Қазақ хандығында бірнеше хан бір мезгілде, бірнеше аймақта билік етеді.



Тоғым хан

Оңтүстік-Шығыс бөлікте – алдымен Тақыр, одан кейін Бұйдаш хандар билікте болып, негізінен моғолдармен, қалмақтармен қарым-қатынаста болса, батыс бөлікте – Ахмет хан ноғай тайпаларымен күрес жүргізеді. Ал оңтүстік бөлікте Тоғым хан билеуші боп, негізінен Мауреннахрдағы және Хорезмдегі шайбанилар әулеттерімен қатынастар жасайды.

«Уақытша әлсіреу» кезеңіндегі саяси бытыраңқылықта бір мезгілде Қазақстанның үш өңірінде үш билеуші билік етеді. Бұл XVII ғасырдағы үш жүздің пайда болуына алғышарттар әзірлеген деп білеміз.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!